



ЕҢБЕГІМЕН ЕҢСЕЛІ

Кеше ғана мұрты
бұзылмай жатқан қасат
қардың үстінде қызыл
су жүгіріп, күрең шайды
қанып ішкен адамның
маңдайындай аздап
қана жібiген. Бүгiн
таңғы салқынмен сiреу
болып қатыпты. Қыс
бойы ерсiлi-қарсылы
жүрген мың сан адамның
табанының астында
әбден тапталған қар
құрыштай бекiп, тастан
бетер қатып қалыпты. Жол
жиегiндегi қалың қарды
әуелi төртбұрыштап,
кiрпiштеп ойды. Содан соң
жалпақ, ауыр күректi әлгi
кiрпiш пiшiндес қардың
астына салған. Қалыптан
түскендей төрт қырлы,
қалыңдығы кереқарыс
болып ойылып түстi.
Ойылған қарды құлаштай,
қолтығын жаза трактордың
алқымында тұрған
жартылай бөшке пiшiндес
үлкен күрегiнiң үстiне
лақтырған. Бел жазған жоқ,
ойылған жердi әрi қарай әлгi
машықпен үңгiп барады.

(Жалғасы 3-бетте)

ТАБИҒАТЫ НӘЗІК

ЖІГЕРІ ҚҰРЫШТАЙ

Әшірбек СЫҒАЙ,театр сыншысы, мемлекеттік
сыйлық лауреаты:

– «Қазақ қызы» дегенде көз алдыңа Ананың бейнесі келеді. Ұлы Мұхтар Әуезов сонау 1920-шы жылдарға дейін-ақ «Өмірдің негізі – әйел» деп үлкен мақала жазған. Жиырма жасар Мұхтарды толғандырған әйел тағдыры сол кездің өзінде-ақ аса зәру, салмақты тақырыптың бірі болғанын осы арқылы танып, біліп отырмыз. Қазақ қызы дегенде көз алдыңа сұлулық, әдемілік, әсемдік, биязылық, мейірімділік, нәзіктік елестеп, барлығы бойға ток жүріп өткендей, аса бір әсерлі сезімге бөлейді. Бұл бекер емес. Әйел бар жерде жылылық бар. Тартылыс бар. Өмірде мән бар. Мағына бар. Қоғамда ер адамның жанын жаңғыртатын, жасартатын тірегі де, діңгегі де, таянышы да – әйел. Тек қазіргі күні емес, бұрын-соңды замандарда ер-азамат әйелмен қол ұстаса жүріп, қоғамда көптеген ерліктер жасап келе жатыр.



САҢЛАҚ

ҚОЛМЕРГЕН немесе МАЛАЙЗИЯ МАНДАЙЫНА БАСҚАН ҚАЗАҚ



Берікқазы СЕКСЕНБАЕВ – көгалдағы хоккейден Кеңес одағының 6, Малайзияның екі дүркін чемпионы, КСРО чемпионатының 2, Малайзия біріншілігінің 5 мәрте үздік мергені, Малайзия ұлттық чемпионаттарының 5 дүркін үздік ойыншысы, КСРО құрамасының белді ойыншысы әрі «Азия жұлдыздары» құрамасының мүшесі, Олимпиада ойындарына қатысқан тұңғыш қазақ хоккейшісі.

(Жалғасы 7-бетте)



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)

55,22

DOLLAR

318,2

EURO

335

РУБЛЬ

5,42

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ

Саған қой,
ал саған балық



(Жалғасы 2-бетте)

Мен
қазақ
әйеліне
қайран

қалам,
Жайнаған, жалындаған,
жайраңдаған.

Сол - менің жүрегімнің
ханшасы,

Жыр шоғын ұсынамын
Айдан да оған!

Жұбан Молдағалиев

Жасай бер, қазақ әйелі!



Наурыз күңіңі болсын!

Жалғасы

5-6

Билік

«БІЗ ӘЙЕЛДІ ҚҰРМЕТТЕГЕН



«Батыр аналарымыз ел басына күн түскенде ерлермен бірге қолына қару алып, Отанын қорғаған. Ел үшін ер-азаматтармен бірге жауға шапқан баяғыдан келе жатқан, бізге белгілі Бопай ханым, Хиуаз Доспанова, Әлия, Мәншүктер өшпес ерліктерімен елдің санасында қалғанын бәріміз білеміз. Қазақ әйелдерінің арасында зор құрметке бөленген үлкен аналарымыз – Домалақ ана, Айша бибі, Айғаным ханша, Зере әжелеріміз парасаттың символы болып саналады. Бүгінгі Қазақстан әйелдері – сол парасатты жалғастыратын, жолын жалғайтын ізбасарлары. «Әйел – үйдің қазығы» деп әйелін құрметтеген халықпыз. «Қыз өссе елдің көркі» деп қызын құрметтеген халықпыз. Ұлы Далада қилы заманнан келе жатқан игі дәстүр қазір де жалғасуда».

Бұл туралы Нұрсұлтан Назарбаев еліміздің әйелдер қауымы өкілдерімен «Көктем шуағы» атты кездесуінде айтты. Мемлекет басшысы қоғамымыздың дамуындағы әйелдердің баға жетпес рөлін атап өтіп, еліміздегі нәзік жандар өкілдерін

ХАЛЫҚПЫЗ»

Халықаралық 8 наурыз мерекесімен құттықтады. Елбасы мемлекет жүргізіп жатқан демографиялық саясаттың аспектілеріне тоқталып, ана мен балаға қолдау көрсету және оларды қорғау мәселелеріне назар аударды. Биылдан бастап 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы іске асырыла бастайды. Шілде айында бала тууға байланысты төленетін жәрдемақы көлемі 20 пайызға өседі. Жыл сайын ана мен балаға қарастырылған қаржылық қолдау шығындары 160 миллиард теңге болып отыр. Оған қоса, ата-аналарға 120 миллиард теңге Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры есебінен төленіп келеді. Сонғы он жылда ана өлімі 3,7 есеге, бала өлімін бір жарым есеге дейін төмендеді. Сонымен бірге мемлекет басшысы балаларға қатысты кез келген зорлық-зомбылықты жойып, өскелең ұрпақ тәрбиесін арнаулы үйірмелер мен мекемелерде патриоттық сезімді күшейту арқылы қамтамасыз ету қажеттігіне назар аударды. Елбасы қазіргі саяси жаңғыру үдерісі барысында әйелдердің зор рөл атқаратынына сенім білдірді. Кездесу соңында көпбалалы ана О.Мұқашева «Алтын алқа» белгісімен марапатталды.

(Өз тілшіміз)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

1

теңге. Павлодарда тәркіленіп, сатылымға шығарылған 123 мың литр спирттің бағасы

200

млн еуро. «ҚазАгро» еншілес компанияларды қаржыландыру үшін осынша несие алмақ

6,4

млн теңге. Қостанайлық дәрігер әріптесін өлтірту үшін тапсырыс берген

Құлаққағыс

САЛЫМШЫ АБАЙ БОЛҒАНЫ АБЗАЛ

Ұлттық банк төрағасы Данияр Ақышев отандастарымызды депозитін банктен банкке ауыстырғанда абай болуға шақырды. Оның айтуынша, кейбір банк нарығындағы ойыншылар өз ұстанымын ұстап тұру үшін сан түрлі әрекетке баруы мүмкін.



Бұл туралы ол The Business Year басылымына берген сұхбатында мәлім етті. Бас банкир бүгінде тек қаржы институттары емес, өзге де саланың қиыншылыққа тап болғанын айтады.

Оңай ақшаның заманы аяқталды. Сол себептен табыс табуын басқа амалын қарастыру қажет. Егер де мекемеде қаржы тапшылығы сезілсе, онда активті қосу, артық шығынды азайту сынды жолын қарастырған жөн. Сондай-ақ Ақышев Ұлттық банк алдында депозитті долларсыздандыру деңгейін 40 пайызға дейін түсіру мақсаты тұрғанын жеткізді.

Сөз-жебе

Ғабидулла
ӘБДІРАХЫМОВ,
Шымкент қаласының әкімі:

«Басты мақсат – орталық көшелердегі көлік санын азайту. Қала билігі жергілікті тұрғындардың қоғамдық көлікке ауысуы үшін бірқатар шаруа атқарды. Жаяу жүргінші үшін де жағдай жасалуда. Біз енді кептеліске көңілі толмайтын жүргізуші үшін көшедегі жасыл желекті кесіп, жолды кеңейтпейміз. Ұнамай ма? Қоғамдық көлікке отыр. Жаяу жүр. Болмаса, велосипед теп»

Срайыл
СМАЙЫЛ

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ

Осы аптада Атырау облысы Исатай ауданының бұрынғы әкімі Тұрарбек Сұлтанбеков сотталды. Ол туған-туысын сазан мен қойға қарық қылғысы келгені үшін айыпталуда. Аталған іске әкімнен бөлек, қарауындағы қызметкердің де қатысы бар. Бұл туралы Атырау облыстық сотының баспасөз қызметі хабарлады.

САЗАН
ӨҢЕШІНЕН
ӨТПЕДІ

Сот барысында анықталғандай, 2016 жылы қыркүйек айында Астанада Атырау облысының ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрменкесі өтеді. Аудан әкімі ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысына 22 сазанды алып, қаладағы туыстарына беруді сұрайды. Бөлім басшысы жәрменкеде балық өнімдерін 50 мың теңгеге қарызға алады. Әкім бұл ақшаны қайтару үшін бөлім басшысына 83 мың теңге сыйақы жаздырады. 50 мың теңгесін сазан үшін, қалған ақшаға қой алдырталды. Оны да туысына берген. Әкім мұнысын қоймай басқа да әрекеттерін жасыру үшін Атырау облыстық ішкі аудит департаментінің маманына 150 мың теңге көлемінде пара берген. Бұл ақшаны да сыйақымен қайтаруға келіседі. Пара алғандар да, пара бергендер де өз жазасын алды.

– Баспасөз мәслихат барысында «Қазақстан» телеарнасының журналисі Еуропалық одақтың елімізге, сондай-ақ Еуразия экономикалық одаққа қатысты көзқарасыңызды сұрағанда мемлекеттік тілде жауап беруден бас тарттыңыз. Тіпті «Біз бұл жерде менің қазақ тілін білу деңгейімді тексеру үшін жиналмаған шығармыз», – деп қарсы пікір айттыңыз. Бұл әрекетіңізді қалай түсіндіресіз?

Сауалы



Аптаңың

Жауабы

Алмас ХАМЗАЕВ, Қазақстанның Бельгия мен Люксембургтегі Төтенше және өкілетті елшісі:



«Иә, иә, мен оны (мемлекеттік тілдегі ақпараттың эфирге қажет екенін – авт.) түсіндім. Менің айтқаным – осында отырған журналистердің көбісі орыс тілінде сұрақ қойып, орыс тілінде жауап беріп отыр. Журналистердің бәрі түсінсін деп, бір тілде сөйлегеніміз жөн деп санадым. Бірақ мемлекеттік тілде де ақпарат қажет екенін соңынан түсіндім. Қарсылығым жоқ, мемлекеттік тілде айтып беремін. Ендігі жолы осы жағын нақтылап айтып беремін. Келесіде ескеремін»

«Қазақпарат»

Талқы

Ерлан САҒАДИЕВ,

білім және ғылым министрі:

— Бүгінде ақпарат кеңістігінде «білім және ғылым министрлігі қазақ тіліне зиян келтіретін жобаларды жүзеге асырып отыр», — деген сөздер пайда болды. «Тікелей министрдің тапсырмасына сәйкес, қазақ тілі, қазақ әдебиеті, қазақ тарихы жоғары оқу орындарынан жоғалады» — делінген. Оның бәрі жалған сөз. Мен ондай тапсырма бермегем. Ойымызда да болмаған. Жоғары білім саласында мамандықтардың классификаторы да өзгерген жоқ.

Сонымен қатар «Серпін» бағдарламасы токтатылды», — деп жатыр. Ол да жалған. Біз оны

Соңғы уақыттары білім және ғылым министрлігі бас тақырыпқа айналды. Сынағандар да, министрліктің жұмысын қолдағандар да табылып жатты. «Сауат ашудан» басталған дау, қоғам қайраткерлерінің «Сағадиев қызметінен кетсін» деген талабымен ұласты. Жастардың білім алып, жұмысқа тұруына мүмкіндік беретін «Серпін» бағдарламасы да жабылады» — деген жағымсыз жаңалық әлеуметтік желі арқылы тарады. Сондай-ақ министр «командасын алып келіп, басшыларды ауыстырды» деген ақпар шықты. Кез келген заттың екінші жағы бар демекші, министрліктің де, министр Ерлан Сағадиевтің де өздеріне қатысты айтылған айыптауға жауабы бар. Жуырда ғана бейне мәлімдеме жасаған министр, бейсенбі күні арнайы баспасөз мәслихатын өткізді. Сол журналистермен кездесуінде министр қызу пікірталас тудырған бірқатар мәселеге жауап берді.

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ



керісінше, жаңа деңгейге көтереміз. Биыл қосымша 500 грант бөлінді. Еліміз үшін өте маңызды бағдарлама.

«Сауат ашу» білім бағдарламасы («Әліппе» мен «Ана тілі» пәндерінен тұратын бағдарлама — ред.) екіге бөлінген кезде «Сауат ашу» пәнінің атауы «Ана тілі» деп өзгертіледі. «Сауат ашу» пәнінің атауын өзгерту 2019 жылға жоспарланған. Өздеріңіз білесіздер, 2019 жылы жаңа оқулық шығады. Сол жылы «Сауат ашу» бағдарламасы екіге бөлінеді. Сонда, нөлінші сыныпқа «Әліппе» толық енгізіліп, «Сауат ашу» пәнінің атауы «Ана тілі» деп өзгертіледі.

Мен министрлікке келгенімде көмекшімен басқасын танымайтын едім. Үш вице-министр, барлық департамент директоры, барлық комитет басшысы, барша қызметкермен білім және ғылым

министрлігіне келген уақытта таныстым. «Шеттен бір команда алып келді» — деген айыптауды бірінші рет естіп отырмын.

Бекболат Тілеухан мені дебатқа шақырған екен. Менің ойымша, бұл дұрыс емес. Біз оны оқулық жөніндегі комиссияға шақырған едік. Бүгін мен Мәжіліске қоңырау шалдым. Онда 11 депутат жазылған. Соның қатарында Бекболат Тілеухан да бар. Комиссияның жұмысына атсалыссын. Жұмысын көрсетсін. Мен онымен баспасөзде пікірталастыруға дайынмын. Бірақ ол үкіметтің жұмысы емес.

Тағы бір маңызды мәселе — үй тапсырмасының көлемі. Біздің оқушылар үй жұмысын орындау уақыты бойынша қазір 65 мемлекеттің ішінде төртінші орында тұр. Оқыту жүйесін дұрыс жолға қойған

жағдайда үй тапсырмасын азайтуға болады. Азайту керек те. Мұғалімнің де, ата-ананың да пікірі осындай. Бұл жағдайға байланысты бір-екі үлкен топ құрылып, жұмыс басталып кетті. Екі нұсқа ұсынылды. Біріншісі, барлық пәннен үй жұмысын азайту. Екіншісі, кейбір пәннен ғана үй тапсырмасын беру. Енді бір айдың ішінде бір шешімге келу керек. Соны жариялап, жан-жақты талқылап, депутаттарға көрсетіп, бір келісімге келеміз.

«Күнделікте» ақилы қызметтің болғаны рас. Бірақ ата-ана төлемеймін десе, төлемесін. Бұл жоба пилот ретінде енгізіліп жатқандықтан «ақилы қызметті тоқтату керек», — деген болатынбыз. Қазір ақилы қызмет жоқ.

Ұстаздың жалақысы тым төмен. Онымен келісемін. Біз бұл бағытта жұмыс жасап жатырмыз. Барлық жанашырлықты мұғалімдермен бірге талқылайтын әдетіміз бар. Сондықтан қаржылық мәселені де ұстаздармен, үкімет және мәжіліспен бірге қарастыратын боламыз. Біз 2017 жылғы бюджетте ұстаздың жалақысын көтере аламыз деп үміттенемін. Бұл мамандық әжептәуір беделді болады.

Дайындаған
Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ

Алматы қалалық әкімдігінің баспасөз қызметі:

«Алматы ауданындағы «құлаған» билбордқа қатысты айтар болсақ, жергілікті әкімдіктің өкілдері мен төтенше жағдай департаментінің мамандары оқиға орнына барды. Жағдайды анықтау барысында LED-экранды «Алматы жарнама» ЖШС жұмысшыларының шешіп алғаны белгілі болды. Бұл жоспарға сәйкес жүргізілген жұмыс».



Вадим КОЗИНЕЦ, жарнама таратушы компанияның директоры:

«Бұл LED-экран 2007 жылы орнатылған еді. Сол кезде 336 мың долларға сатып алдым. Құжатының бәрі дұрыс. Салықты уақытылы төледім. Алып тастағанын естіп келгенімізде «Алматы жарнама» ЖШС-ның жұмысшылары тұрған. Бізді көрді де кетіп қалды. Мені алдын ала ешкім ескерткен жоқ. Экранды бөлшектеп шешіп алатындарын да айтқан жоқ. Егер де ескерткен болса, өзім-ақ алар едім. Енді жарамай қалды»

Ақсақ аударма

ҚҰРМЕТТІ ФУТБОЛ СҮЙЕР ҚАУЫМ!

Қазақстанның кәсіпқой футбол лигасы сіздерді 2017 жылғы Қазақстан Суперкубогы аясында «Астана» мен «Қайрат» футбол клубтарының арасындағы ойында қошеметтейді!

«Астана» мен «Қайраттың» арасындағы ойынды футбол жанкүйерлері тамашалағаны анық. Айтпағымыз ол емес. Сол матчты ұйымдастырған Қазақстан кәсіпқой футбол лигасының (ККФЛ) хаттамасы мен суперкубок ойынының анықтамалық кітапшасын көріп, «қазақ тілінен ұят болды-ау» — дедік еріксіз.

Қазақ тілінің әр салада жетімдік көріп жүргені жасырын емес. Мұндай сорақылық спортта да кездеседі. Енді кітапшаға үнілейік. Алғашқы бетінде ККФЛ президенті Азамат Айтқожиннің сөзі тұр. «ККФЛ сіздерді 2017 жылғы Қазақстан Суперкубогы аясында «Астана» мен «Қайрат» арасындағы ойында қошеметтейді!» Не үшін

қошеметтейді? Матчка барғанымыз үшін бе? Сөйтсек, бұл орыстың «приветствует» сөзінен тікелей аударыла салған болып шықты. «Құрметпен қарсы алады» деп жазуға болар еді. Ол — ол ма, «Жаңа

«жан толқыттар» деп аударылса, құба-құп болатынына сенімдіміз. Жаңа маусымның «күптігей» немесе жан толқыттар матчтарға толы болатынына күмәніміз жоқ. Енді хаттамаға тоқталайық. «Кәспкой, Алматы орталық стадион, төршілер құрамы» сынды өрескел қате өріп жүр. Осы жөнінде аталған лиганың баспасөз

қызметінмен хабарласқан едік. Баспасөз хатшысы Ербол Қайыров «Мұны аударған жарнама агенттігі болатын. Біз тексермедік. Сіздер неге матчта айтпадыңыздар?», — деп өзімізге қарсы сауал қойды. Біз қате теруге емес, ойын көруге барғанымызды

айттық. — Ербол, жарнама агенттігінің телефон нөмірін бере аласыз ба? — Жоқ. Бермеуге құқығым бар. Хат жазыңыздар. — Жауап неше күнде келеді? — 3-4 күн ішінде жауап береміз. — Өте көп мерзім. — Заң жүзінде солай.

Басшылықтың атына жазыңыз. — Сіздер тапсырыс берген соң тексермейсіздер ме? — Жоқ.

Қысқаша диалогтың сикы осы. Бұл жөнінде ойынды тамашалауға барған әріптесіміз Абзал Сүлеймен былай деген еді: «Суперкубок үшін

өткен матчта берілген хаттаманы көріп, қатеден көзіміз сүрінді. Бір жапырақ қағаздың жартысы ғана қазақ тілінде болғанымен, қатеден көрінбейді. «Төреші» мен «құрам» деген сөзді жаза алмауы, ККФЛ баспасөз қызметіне ұят деп ойлаймын. Жанылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ болмайтыны рас. Бірақ соны өз бақылауына алып, бір қағаздың қатесін тексеретін адам болмағаны ма? Тіпті ойыншылардың аты-жөнін дұрыс жаза алмағаны қынжылталады. Қазақ тілінің футболдағы мәртебесі өссе деген тілек қана біздікі».

МЕМЛЕКЕТТІК ТҮ ІЛІНБЕГЕН ӘКІМДІК



Қазақы REALISM

Байкал БАЙӘДІЛОВ

Көкшетау қалалық жол пайдалану учаскесінің жұмысшысы Күліш Азбаеваның күнделікті шаруасы осы. Жалғыз қар ғана емес, жаяу жүргіншілер жолының үстіндегі адамдардың тастап кеткен темекісінің тұқылы, шағылған шемішке, босаған, сынған бөтелке, қаншама кокыс. Бәрін сыпырып-шыпырып жинау керек. Бір талын қалдырмай.

Танертен ел біреу жұмысына, біреу оқуына дегендей асыға басып, алшандай басып бара жатқанында қала көшелері мұнтаздай тап-таза болып тұрса, өз көңілі де өсіп қалады. Адал еңбегінің нәтижесі. Мұның жұмысы да ешкімнен кем емес. Кейбір әріптестері жүзі таныс біреу-міреу кездесіп қала ма? — деп қысылады да. «Жұрттың аяғының астында жатқан кокысты тазалап жүрген қайбір жақсы дейсің» деп қояды олар. Ал Күліш Амангелдіқызы ешқашан намыстанып көрген емес. Негізгі мамандығы құрылысшы еді. Облыс орталығындағы «Бұрабай» спорт кешенін салып жүргенінде абайсызда қабырғадан құлап кетіп жарақат алған. Содан соң қыздары құрылыста жұмыс істеуге тыйым салды. Айналайындардың аналарына жандары ашығаны ғой.

Шүкір, жолдасы өмірден озған соң тағдырдың салған ісіне біржола көніп, ауыртпалық атаулыны жалғыз өзі көтеріп алды. Ешкімнен кем қалған жоқ. Төрт қызын желге, күнге тигізбей желкілдетіп өсірді. Төрт қызы

да ананың тәрбиесін көкіректеріне тоқып, еңбек дейтін ұлы ұғымды жан дүниелеріне жақсылап сіңіріп, бой жетіп өсті. Қазір бәрі тұрмыс құрып кеткен.

— Біз де халыққа қызмет етеміз, — дейді көше тазалаушы Күліш Амангелдіқызы, — кейде біреулер осы жұмысына намыстанбайсыз ба деп жатады. Неге намыстанайын, ақ адал жұмыс. Ешкімнен де кем емес. Елдің бәрі әдемі киініп, тәуір жұмыс істеп жүрсе, көшені кім тазалайды. Кім білсін, біздің мандайымызға осындай жұмыс жазылған шығар. Ешкімге өкпе-наз айтқан емеспін. Тек жалақымыз аздау, әрине. Бүгінгі қымбатшылық қос бүйірден қысып тұрған кезде елу мың теңге деген не тәйірі.

Биыл Көкшетау қаласы арықтардың бойын ертерек тазалап, қам жасай бастады. Әсіресе, орталық көшелерде. Ту сонау тау басынан ентелей екпіндеп қар суы құлдырап аққан кезде қала ішіндегі жылға, арықтардан бөгіліссіз өту үшін кептеліп қалған мұздақтарды, сіреу болып қатқан кокыстарды тазарту қолға алынып жатыр.

Адамдардың күнделікті қарбаласпен жүріп, көңіл аударар бермейтіні де шындық. Ал осы учаскедегі төрт бригада, қаншама қыз-келіншектер әйел түгіл азаматқа жүк болатын зілмауыр сүймен, жалпақ күрегің көтеріп жанталаса еңбек етуде.

Жедел сұхбат

КӨРШІЛЕС ЖАТҚАН ҚЫРҒЫЗ ЕЛІНДЕ КҮЗДЕ ӨТЕТІН ПРЕЗИДЕНТТІК САЙЛАУҒА ДАЙЫНДЫҚ БАСТАЛДЫ. ОСЫ АПТАДА «АТАМЕКЕН» ПАРТИЯСЫ БІШКЕКТЕ ШҰҒЫЛ СЪЕЗД ӨТКІЗДІ. ОНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІНІҢ ТЕРГЕУ АБАҚТЫСЫНДА ОТЫРҒАН ӨМІРБЕК ТЕКЕБАЕВТЫ ПРЕЗИДЕНТТІККЕ ҰСЫНУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ. ОСЫҒАН ОРАЙ «АТАМЕКЕН» ПАРТИЯСЫНЫҢ ӨКІЛІ, ЖОҒАРЫ КЕНЕШ ДЕПУТАТЫ ҚАНЫБЕК ИМАНӨЛИЕВКЕ ХАБАРЛАСЫП, СҰХБАТ АЛДЫҚ.



жатырмыз. Алғашқысы Жалалабад облысының Базар Қорған ауданына қарасты Ақман ауылында өтті. Бішкек қаласында да ұйымдастырылады.

Жас қазак: Осы наразылық шарасының арты үлкен дүрбеленге үлесіп кетпей ме?

Қаныбек Иманәлиев: Біз тек заңды тұрғыда өткіземіз. Төңкеріске қарсымыз. Эволюциялық әрекет қолданамыз.

Жас қазак: Өткен жолы Алмасбек Атамбаев Ewtopenews-қа сұхбат берді. Арты үлкен дауға айналды. Сіз бұл мәселеге қатысты не айтасыз?

Қаныбек Иманәлиев: Еліміз Еуразия экономикалық одағына өткелі бері Қазақстанмен кедендік баж салығы, фитосанитарлық жағдайға байланысты мәселе бар. Бірақ бұл жағдай Еуропада емес, екі ел

Қаныбек ИМАНӨЛИЕВ:

ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙ БОЛМАСЫН, ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ БІР ТУҒАН!

Жас қазак: Қаныбек Қапашұлы, партия төрағасы абақтыда отырса да, съезд өткізіп, президенттікке ұсыныпсыздар. Жалпы, бүгінде қырғыз еліндегі саяси ахуал қандай?

Қаныбек Иманәлиев: Бірден айта кеткім келеді. Текебаевты қамауға алу орынсыз. Бұл саяси қудалау. Президенттік науқан алдында мықты деген бәсекелестердің көзін құртпақ. Соңғы 5 айда Текебаев пен билік арасында ақпараттық кеністікте соғыс жүріп жатыр. Билік жеңілетіндігін түсініп, осындай қадамға барып отыр. Біздің парламенттегі фракция өткен жылы 31 тамызда президенттің Конституцияға өзгеріс енгізу туралы ұсынысына қарсы шықты. Себебі референдум жасаудың аса қажеттілігі жоқ болды. Содан кейін қарсылық білдіргеніміз үшін 7-8 жыл бұрынғы мәселені қайта көтеріп, 3-4 депутаттың

үкіметі мен парламенті арасында шешілу керек. Дипломатиялық ережені сақтаумен шешілу қажет. Себебі қазақ елі бір туғанымыз, бауырымыз. Атамбаевтың сұхбатына қатысты «Атамекен» партиясы арнайы мәлімдеме жасады. Ол біздің ресми сайтта жарияланды. Біз онда Еуропаға барып айыптамай, мұндай мәселені өз арамызда шешілу керектігін айттық.

Жас қазак: Екі ел арасындағы бүгінгі рухани, саяси байланысымызға қандай баға берер едіңіз?

Қаныбек Иманәлиев: Мәдениетте, руханиятта қазақ бауырларымызбен бағытымыз бір. Тоқтағұл мен Сүйінбай, Мұхтар Әуезов пен Шыңғыс ағамыздың байланысы қандай болды. Кейін Мұхтар Шаханов ағамыз елші болған кезде акын-жазушыларымыздың арақатынасы жақсы еді. Саяси қиыншылық уақытша мәселе. Бұл біздің екі ел арасындағы байланысымызға дақ түсірмесе керек. Біз қазақ элитасының, қазақ саясаткерлерінің Қырғызстанның бүгінгі жағдайына түсіністікпен қарауын сұраймыз. Біздің



Қырғызстан.
«Ақ қалпақ»
мерекесі

үстінен қылмыстық іс қозғалды. Мұны біз «саяси қудалау», — деп есептейміз. Ал Текебаевқа келер болсақ, ол ресейлік кәсіпкер Леонид Маевскийдің арызы бойынша ұсталған. Сол Маевский шын мәнінде, 1 млн пара берген болса, 2010 жылдан бері неге үнсіз отырды? Оның үстіне пара алып жатқандығы туралы ешқандай дәлел жоқ. Тек ресейлік кәсіпкердің құрғақ арызы. Фото, бейне дәлел болса бір жөн. Маевскийдің өзі таза емес. Кезінде 59 млн рубльді жымқырғаны үшін үстінен қылмыстық іс қозғалған. Қазір біздің құқық қорғау органдары Текебаевты қорғаудың орнына, ресейлік азаматтың мүддесін алға тартумен әлек. Қылмыс кодексінде үш жағдайда ғана уақытша қамауға алыну керек. Бірінші, егер де айыпты азамат қашып кеткен болса. Текебаевтың қашпағанын бәріміз білеміз. Екіншіден, ауыр қылмыс жасаған болса. Үшіншіден, құқық қорғау органымен еш байланыс орнатқысы келмесе. Текебаев керісінше, мәселені ақ-қарасын анықтау үшін бірлесіп жұмыс істеуге әзір.

Жас қазак: Қамауда отырған азаматты президенттікке ұсынуға бола ма?

Қаныбек Иманәлиев: Қырғызстан Конституциясына сәйкес қамауда отырған азамат президентке үміткер ретінде тіркеле алады.

Жас қазак: Қандай да бір жағдайға байланысты кейін де бостандыққа жіберілмесе қалай болады?

Қаныбек Иманәлиев: Біз оны еркіндікке шығару үшін наразылық акцияларын ұйымдастырып

бір саясаткеріміздің айтқан сөзі сіздерде (*Қазақстан — ред*) жүрген 100 мыңға жуық отандасымызға кесірі тимегені абзал. Билікте сан түрлі сөз айтыла береді. Ең бастысы — достығымыз, бауырмалдығымыз. Қандай жағдай болмасын «қазақ-қырғыз бір туған» — деген қағида өзгермейді.

Жас қазак: Өткен жолғы Атамбаевтың мәлімдемесінен кейін қырғыз саяси элитасының, қарапайым халықтың қазаққа деген ықыласы қандай?

Қаныбек Иманәлиев: Біз Еуропаға нарығына тек Қазақстан арқылы шыға аламыз. Теміржол, көлік қатынасы барлығы Қазақстан арқылы. Қырғызстан экономикасына көршілес қазақ елінің әсері өте мол. Бүгінде төңкеріс жасап ештеңе тындыра алмайтынымызды қырғыз элитасының түсінетін кезі жетті. Барлық саясаткерлер мемлекеттің мүддесі тұрғанда бірлесіп жұмыс істеуі керек. Билік әділ сайлау арқылы ауысу керектігін де ұғатын уақыт болды. Осыған дейін орын алған екі төңкерістен сабақ алмаса болмайды. Ол тағы қайталанса, онда жағдайымыз мәз емес. Біз соған жол бермеуге тиіспіз.

Сұхбаттасқан
Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ



MEGA Silk Way сауда және ойын-сауық орталығы «Бәйтерек Development» акционерлік қоғамынан алған қарыздың бір бөлігін мерзімнен бұрын қайтарғанын хабарлады. Forbes.kz интернет-басылымы жазғандай, берешек жақын арада толығымен төленеді.

КӘСІПКЕР ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ АҚШАСЫН ҚАЙТАРДЫ



Еске сала кетейік, MEGA Silk Way аталған акционерлік қоғамнан 15 млрд теңгені 18,5 пайыздық жылдық өсіммен алған еді. Қарызды қайтару мерзімі 15 жыл болып белгіленді. «Бәйтерек Development» АҚ Бірыңғай зейнетақы жинақтау қорына тиесілі осы ақшаны Қазақстан даму банкі арқылы берген-тұғын. Былтыр жазда ақпарат құралдары Астанада салынатын жана MEGA Silk Way сауда және ойын-сауық орталығының құрылысы

зейнетақы қорының қаржысымен жүргізілетінін хабарлады. Компания қожайыны Нұрлан Смағұлов сол кезде несиенің 18,5 пайыздық өсіммен алғанын мәлімдеді. Ол әлгі интернет-басылымға жобаның құны 71 млрд теңге екенін, мұның 72 пайызын несие, қалған қаржыны компания көтеретінін айтты. Сондай-ақ Н.Смағұлов көп өтпей MEGA Shymkent, MEGA Astana и MEGA Aktobe сауда және ойын-сауық орталықтарын сатты.

Ресей үкіметінің басшысы Дмитрий Медведев Еуразия экономикалық одағынан (ЕАЭО) шыққан елдің табиғи газдан таяқ жейтінін ескертті. Ол Бішкекте өткен ЕАЭО премьер-министрлер кеңесінің мәжілісінде ешбір елді аталған одақта күштеп ұстамайтынын мәлімдеді.

Д.МЕДВЕДЕВ:



ЕШКІМДІ КҮШТЕП ҰСТАМАЙМЫЗ!

Д.Медведев «Осы жиынға қатысып отырған кейбір елдер біздің одаққа кірмегенде немесе одан шығып жатса, онда олар табиғи газды еуропалық бағамен, яғни мың текше метрін 200 долларға сатып алар еді. Сондықтан бірдемені есептеп, дәлелдеудің түк қажеті жоқ» — деді. Rbc.ru сайты жазғандай, Ресей премьер-министрі кейбір елдердің екі жақты қарым-

қатынаста туындайтын түйткілді одақ шеңберіне шығаруына жол беруге болмайтынын айтып, мұндай әрекетті бопсалаумен салыстырды.

Бұған дейін бірқатар БАҚ Беларусь әлгі одақтан «шыққысы келеді» деген сарында хабар таратып еді. Бірақ іле-шала осы елдің президенті мұны «ойдан шығарылған сандырақ» деп бағалады.



Беларусь үкіметінің басшысы Андрей Кобяков Еуразия экономикалық одағындағы (ЕАЭО) баға саясатына наразылығын білдірді.

А. КОБЯКОВ: КАПИТАЛ МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЕРКІНДІГІ ҚАЙДА?

Бішкекте өткен ЕАЭО премьер-министрлер кеңесінің мәжілісінде ол Ресей мен Белоруссиядағы газ бағасындағы айырмашылық мөлшерінің күрт өскенін сыңға алды. А.Кобяков «Біз Еуразия экономикалық одағы туралы шартқа қол қойғанда айырмашылық (*газ бағасындағы*) 2025 жылға дейін біртіндеп жойылады деп келіскенбіз. Айырмашылық мөлшері неге өсіп барады? Ресей мен Белоруссия

арасындағы баға айырмашылығы 2014 жылдан 2016 жылға дейін 38 пайыздан 110 пайызға дейін өсті» — деді.

Беларусь премьер-министрі ЕАЭО құрылған соң баға айырмашылығы төмендеудің орнына күрт өскенін айта келе, «Осыдан кейін қызмет көрсету, капитал және жұмыс күшінің еркіндігі туралы сөз қозғауға бола ма? Мұндай жағдайда ортақ нарықта қалай бәсекелесуге болады?» — деген сауалды көлденең тартты. Оның пікірінше, одақ шеңберінде түрлі кедергілер қаптап кеткен.

Таным

1889 жыл. Қарашаның түнерген бір күнінде Амьен қаласында тұрып жатқан Жюль Вернге телеграмма келді. Онда Блай деп қол қойған жиһанкездің фантаст жазушымен кездесу үшін арнайы ат басын бұратыны айтылыпты. Осыдан 17 жыл бұрын Жюль Верннің «Жер шарын 80 күнде айналып өту» кітабы жарық көрген. Романдағы кейіпкер – ержүрек Филеас Фогттың бастан кешкендері оқырман қауымды баурап алғаны күні кеше сияқты еді. Жюль Верн осы кітабындағы қиялын жүзеге асырғысы келген батыл жан туралы естіген. Тіпті көргісі де келген. Бірақ ол іздеп келеді деп ойламап еді.

Жазушы әйелін қолтықтап, вокзалға жетуге асықты. Көпті көрген, кексе біреуді көрем деп ойлаған ол жанына жақындаған бойжеткенді көргенде танданысын жасыра алмады. Бойжеткен Нью-Йорктегі «Уорлд» газетінің 22 жасар тілшісі Нелли Блай болатын.

Сулық, саквояж және сағат. Өжет қыз алыс сапарға басқа ештеңе алған жоқ.

Атақты саяхатын Нелли Блай 1889 жылғы 14 қарашада бастады. Басылым біткен «Жюль Верннің



арманы орындала ма?», «Нелли Блай Филеас Фогттың рекордын қайталай ма?» деп жарыса жазды. Тілші қыздың саяхаты кезінде әлгі роман 10 рет басылды. Жазушы үшін бұл жай ғана сенсация емес, адам мүмкіндігінің қандай дәрежеге жеткенін дәлелдейтін айғақ-тұғын. Саяхат соңында жиһанкез Сан-Францискоға белгіленген мерзімнен 3 тәулік бұрын жетті. Бұдан кейін Сан-Франциско – Нью-Йорк жүрдек пойызы токтамай зулады. Әр стансда жұрт оны асыға күтті.

Міне, сапар аяқталуға жакын. Пойыз Нью-Йоркке келгенде арнайы жіберілген пәуеске Неллиді «Уорлд» газетінің редакциясына алып жөнелді. Саяхат 80 күн емес, 72 күнде тәмамдалды.

Ал бас редактордың үстелінде Нелли үшін ең қымбат сыйлық – Жюль Верннің телеграммасы күтіп тұрды. Онда «Мен Нелли Блайдың мақсатқа жететініне еш күмәнданған жоқпын. Ол табанды да батыл екенін дәлелдеді. Неллиге бас иемін» деп жазылыпты.

Дүйім жұртты дүрліктірген Нелли Блайдың шын есімі – Элизабет Кокрейн. 1864 жылы 5 мамырда Пенсильвания штатындағы Кокрейн-Миллз қаласында дүниеге келген. Әкесі – судья, әрі осы қаланың негізін салған адам. Элизабетті ата-анасы әбден еркелетіп, бетінен қакпай өсірді. Бірақ Элизабет алтыға толғанда әкесі кенеттен қайтыс болды. Үш жылдан соң анасы тағы да тұрмысқа шықты. Араққа салынған өгей әке үйдегілерге күн көрсетпеуге айналды. Бес жылдан кейін мұндай азапқа төзе алмаған анасы ажырасып тынды.

1880 жылы Кокрейндер отбасы Питсбургке көшті. Бірде осы қалада шығатын газетте қызық мақала жарық көрді. Онда әйел затының даму деңгейі ер адамнан төмен екені әбден тәптіштеліпті. Ашуға булыққан Элизабет бас редактор Ханнем мырзаға хат жазып жібереді. Автордың өткір тіліне сүйсінген Ханнем оны дереу жұмысқа шақырды. Редакциядағылар етжеңді еркек келетін шығар деп отырған. Бірақ табалдырықтан талдырмаш қыз аттады. Қазір қаншама бойжеткен кез келген басылым редакциясына қымсынбай кіре береді. Ол заманда – сенсация. Еркек біткен әйел затын қанша төмендетсе де, Элизабет дегеніне жетті. Ол бірден жұмысқа алынды. Лақап аты тандалып, әйгілі әндегі қыздың есімі (Нелли Блай) берілді. Жұмысқа құлшына кіріскен Элизабет кез келген тақырыпта жазғанымен, журналистік зерттеуге бүйрегі көбірек бұратын. Ол билік басындағы шенеуніктерді аяусыз сынай бастады. Ханнемге осы орайда бірнеше рет ескерту жасалды. Қорқып кеткен ол Элизабетті әйелдер бөліміне ауыстырды. Мұндай қорлыққа Элизабет шыдасын ба? Қайсар жан газетпен қош айтысты.

Ол енді бақыт іздеп Нью-Йоркке аттанды. Нелли атақты «Нью-Йорк



AN INSANITY EXPERT AT WORK.

Алғашқы сыйлықтың иегері

Уорлд» газетінің бас редакторы Джозеф Пулитцерге хат жазып жіберді. Бірақ шағын қаладан келген беймәлім тілші кімге керек? Жауап күтпестен, ол газет редакциясына өзі барды. Әрен

бір-ақ шықты. Мұндағы наукастардың халі шын мәнінде мүшкіл болып шықты. Арасында өзі секілді ақыл-есі дұрыс адамдар да бар. Бірақ оған мән беріп жатқан ешкім жоқ. Өйткені жындыханаға бір түскен соң, одан қайтып шығу мүмкін емес. Журналист қыз өзін қақпанға түскендей сезінді.

Біраз күннен кейін әу баста мұның жынды екеніне күмәнмен қараған дәрігерге шынын айтуға мәжбүр болды. Соның жәрдемімен сыртқа шығалы. Ең алдымен ондағы қызметкерлерді сотқа тартуға қол жеткізді. Баспасөзде әшкере мақала жарияланғаннан кейін үкімет Блэкуэлл жындыханасына қыруар қаржы бөлді. Кейін Нелли Блайдың «Жындыхандағы он күн» атты кітабы жарық көрді. «Мені бас салып шешіндіріп, мұздай суға отырғызды. Есінен адасқан бір әйел аркамды шеткамен қырнай бастады. Бойымның түршіккенін айтып жеткізу мүмкін емес» деп жазды ол. Нелли Блайдың бұл журналистік зерттеуі тек америкалық емес, еуропалық психиатрия саласында түбегейлі бетбұрыс жасағанын ғалымдардың өзі мойындайды.

Тілші қызға басқа бойжеткендер де еліктеуге көшті. Олар ер адам кіре алмайтын орындарға ендеп, өз репортаждарында қоғамдағы түрлі дерттерді әшкерелей бастады. Ал Неллиге келсек, оның мақаласы жарияланған кезде «Нью-Йорк уорлд» газеті қолдан қолға тимей, лезде тарап кететін. Ол тағы да бірнеше сенсациялық зерттеу жүргізді. Әсіресе, дертін бәрін электр тоғымен емдеген алаяқ дәрігер туралы репортажы қоғамды тағы бір сілкіндіріп тастады. Ол енді нағыз жұлдызға айналды. Алайда көп ұзамай Нелли Блайдың әшкере мақалалары жұртты қызықтырудан қалды. Оның үстіне барған жерінде бірден танып қоятын болды.

Сондықтан журналистиканы тастауға тура келді. Миллионер Роберт Симэнге күйеуге шықты. Бірақ отбасы бақыты оған бұйырмапты. Миллионердің балалары жас әйелге жылы қабақ танытпады. Өзі бала сүйе алмады.

Симэн қайтыс болған соң, бизнесі әйеліне қалды. Бірақ Элизабет Кокрейн дарынды журналист болғанымен, кәсіпкерлікке жоқ еді. Біраз уақыттан кейін Симэннің бүкіл кәсіпорны тақырға отырды. Күнкөріс

Round the World with Nellie Bly

A JIGSAW-PUZZLE GAME * COMPLETE THE PUZZLE, THEN PLAY THE GAME!



дегенде Пулитцердің кабинетіне кіріп, бетпе-бет жолығады. Өзін жұмысқа алуға көндіреді. Сынағысы келді ме, Пулитцер оны Блэкуэлл жындыханасына жібереді. Нелли ондағы ахуалды өз көзімен көруге тиіс еді. «Бізге сенсация емес, тек қана шындықты білу керек» деп тапсырды Пулитцер. Жарайды, кіруін кірер, ал содан соң қайтып шығалы? Пулитцер «білмеймін» деп жауап берді. Бірақ батыл қыз тапсырманы қайтсе де орындауға бекінді. Есі ауысқан адамды шебер бейнелеген ол жындыханадан

қаымымен ол журналистикаға қайта оралады. Бірақ... бұрынғы құлшынысы қайда кеткен? Журналистік зерттеуге де шамасы келмей қалыпты. Соңғы өткір репортажы – Синг-Синг түрмесінде электр орындығына отырғызылған қылмыскер туралы.

1922 жылы Нелли Блайдың өкпесіне суық тиіп, қайтыс болады. Обалы не керек, баспасөзде жарияланған қазанамада Неллидің журналистикаға қосқан үлесі түгелдей жазылды.

Гүлнар АХМЕТОВА

Наурыз күнтің болсын!

www.jasgazaq.kz

E-mail: jas_gazaq@mail.ru

АСЫЛ

ЖК

5

Ар-Ана

Мен қазақ әйеліне қайран қалам, Жайнаған, жалындаған, жайрандаған. Сол - менің жүрегімнің ханишасы, Жыр шоғын ұсынамын Лйдан да оған!

Жұбан Молдағалиев



Колымызға бір кітап ілікті. Санкт-Петербурда шыққан екен. Салмақты зерттеу еңбегінің авторы И.В.Стасевич дәстүрлі көшпенді қоғамның түбегейлі өзгеруіне байланысты қазақ әйелінің соңғы екі жүз жылдағы әлеуметтік дәрежесін назарға алады. Кітап «Социальный статус женщины у казахов: традиции и современность» деп аталыпты.

Мен де окта-текте казактың игі-жақсыларының жан-жары тақырыбына оралып соғып тұрамын. Осы арқылы бүгінгі бүкіл қазақ қауымына ортақ жағдайларды қузауға тырысады екенмін. Сондай-ақ зиялылар ғұмырын жас ұрпаққа үлгі қылуға ұмтылатын сияқтымын.

Тұтас тіршілік дүниесі күннің нұры мен әйелдің шуағынан нәр алатыны әлімсақтан айтылып келеді. Елдіктің де бастауы әйелмен байланыстырыла қарастырылады. «Отан – Ана» деген қасиетті ұғым бар.

Жүрегің жыр тербеген ер-азаматқа шалқар шабыт сыйлайтын, негізінен, әйел образы, сүйген жарға, аруларға деген сүйіспеншілік, сұлулыққа іңкәрлік екені де аян.

Кейде қиялды шартарапқа самғатып, көзінді қияларға тігу аса қызықсыз іс емес. Мұндайда толарасқтан саз кешкен небір алмағайып кезендерде кеудесін окқа төселіп, көш басынан көрінген анау Асан қайғы, Ақтанберді, Қазтуған, Шалкиіз, Доспанбет, Сыпыра, Бұқар жыраулар, Махамбет кескіндері елес беріп өтеді. Бірақ осынау тұлғаларды бұлыңғырлап бейнеле, көбіне абстрактілі кескінде қабылдайтынымызды ойлайсың. Яғни бұлардың адамдық тағдыры болмағандай, мәселен, жар сүймегендей, ұрпақ өсірмегендей көреді екенбіз. Тек ел қамын жеп, от ауыз, орақ тіліне сүйеніп, ұрандаумен ғана өткендей ме...

Және қазақ әйелінің кешегісін де көбіне от-басы, ошақ қасынан ұзай алмаған салпыетек, көпшілік көленкесінде сүметілген суренсіз кейіпте елестетіп келгеніміз рас. Бір сүйінгеніміз, жоғарыда аталған Стасевич олардың қара түнек тірліктен Қазан төңкерісінен кейін ғана құтылғаны туралы совет дәуірінде ғасырға жуық уақыт айтылған «шындықты» бірден теріске шығарады. Қазактың қызды ежелден ұлдан артық мәпелеп жеткізгенін, есті әйелдерін қатты құрметтегенін жазады. Қызды сәби кезінен-ақ атқа мінгізіп, қаршадайынан бәйгелерге қатыстырғанын; қыздардың он төрт-он бес жасқа келгенде қыран құс балапанын аулауға кірісетінін, тіпті асау ат үйретуге қатыса бастайтынын айтады. «Халық ауыз әдебиеті шығармалары арқылы ат құлағында ойнаған жауынгер қыздар бейнелерін білеміз. Қару-жаракты жақсы игерген олар қажетті жағдайда ел қорғап, қолма-қол сайыстарда жеңіске жетіп отырған екен» дейді. Алайда «этнографиялық шындыққа жүгінісек, ондай сайыпқыран сұлулар жоқ. Тек сол ерлік белгілері жұрнағын қазақ ханымдарының дәстүрлі киімдері мен олардың мінез-құлқынан ғана аңдаймыз» дегендей ой айтады. Соған қарағанда, зерттеуші Домалак ана, Қарқабат, Алтыншаш, Әлпеш, Айбике, Айнакөз, Ақбикеш аналар, Бопай ханым, Айша бибі, Қарашаш сұлу деп жалғаса беретін қазақ арасында кең танымал есімдерді былай қойып, данқы алысқа жайылған

ЖАСАЙ БЕР, ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІ!

Томирис (Тұмар ханым), Боарикс бикеш (Бөрікыз) аттарын естімеген-ау деп отырасын. Әйтсе зерттеу еңбегінің мазмұны тереңдеп, кітап мәні бірден биіктеп кетер еді. Мысалы, ұлт мақтанышына айналған осынау қыздардың бірін әлем Кир патшаны күйретіп, Парсы империясының негізін қалаушы сак-массагеттердің патшайымы деп білсе, екіншісін Византия империясымен бейбіт мәмілеге келуде шешуші міндет атқарған ғұн-савир одағының беғайымы ретінде таниды. Бұдан артық әлеуметтік дәреже бола ма.

Қазақ – өз қыздарының көркі мен ақылын, өжеттігін лайықты бағалай білген халық. Ұлы Даланың ханымдары Қазақ мемлекетінің қоғамдық-саяси иерархиясында әрдайым айрықша деңгейде көрінген. Біздің қарындастарымыздың Шығыстың өзге елдеріндегі құрбыларынан басты айырмашылығы ересен еркіндігінде және өте аршыл-намысшыл келетіндігінде шығар. Әрдайым ашық-жарқын, қарапайым қазақ қыздары шешуші сәттерде асқан батылдығымен ерекшеленген. Тіпті қатардағы әйелдердің өздері қысылтаң тұстарда жасын отындай жарқылдап, қайран қалдырған. Әйтпесе, сол Сыпыра жыраулар:

– Момын елге тимегін, Кейілінде мұңы шер болар. Ерегісін қоймасаң, Бізасы ел бірігін, Қылыш алып қолына, Қатыны да ер болар, Сеніменен тең болар, – деп толғамас еді.

Егер келтіре берсе, мұндай мысал көп.

Одан соң, анау Ақан сері, Біржан сал, Сегізсері, Әсет, Жаяу Мұса, Құлтума, Балуан Шолак, Иманжүсіптей сал-серілер мен халық композиторлары дәуіріндегі арулар кескінін жинақтаса да таңғажайып арулар галереясы туылмайды. Сол секілді Жамбыл, Нұрпейіс, Доскей, Шашубай, Төлеу, Нартай, Кенен сынды ақын-жыршылардың өлеңдерін сүзсе де қаншама сұлудың портреті сұрыпталмай ма. Мысалы, Естайдың бір ғана «Құсни-Қорлан» әніндегі:

– Болғанда тілі жақұт, тісі маржан, Еті аппақ жазғұтұрғы жсауған

қардан. Қан шырын, пісте мұрын, лағыл иек,

Қалмайды жүзін көрген пейде де арман, –

деген жолдар кейде көпшілік қазақ қызының ортақ суреті секілденеді. «Ұздік шетелдік фильм үшін» номинациясы бойынша «Оскар» сыйлығын иеленген әйгілі қытай режиссері, Венеция, Канн фестивальдерінің лауреаты Чжан Имоу өзінің «Батыр» («*Ying xiong*») фильміндегі арулардың кейпін қазақ қыздарының кескінінен алғанын мойындапты. «Бастапқыда нағыз адами биік өредегі, әрі ержүрек арулар тұлғасын жасау үшін ежелгі Қытайдың, одан бүкіл Еуропаның көрнекті әйелдері тарихын қопарып, көп іздендім. Бірақ танысқан бейнелерім қанағаттандырмады. Ешқайсынан іштей де, сырттай керемет табиғи үйлескен бейнені жолықтыра алмадым. Бір күні өте кездейсоқ жағдайда қазақ сұлуларының суреті басылған журнал кездесе кеткені. Қысқасы, іздегенімнің бәрін осыдан кейін таба бастадым. Олардың шынайы сұлулығы, жанарларының жарқылына дейін қатты қызықтырды. Кез келген қиындыққа төзімділік, өжеттік, сонымен қатар аса инабаттылық, ер-азаматты сыйлауы сияқты сирек қасиеттердіде солардың бойынан кезіктірген едім. Ғажап болды. Керемет қуандым», – дейді ол. (*Du zhi wen zhai журналы. – Бейжің: «Beijin Xin hua» баспасы. – 1998 ж. №6).*

Әлбетте, біз үшін қазақ қыздары туралы сырт ел мамандарының мұндай бағасы қымбат. Бірақ өзіміз қарындастың бәрін бірдей бас сап, сыпыра мақтай жөнелсек, ыңғайсыздау болар.

(Жалғасы келесі бетте)



АСЫЛ

www.jazqazaq.kz

E-mail: jaz_qazaq@mail.ru



Наурыз
күнтты
болсын!

Ару-Ана

Ғ. Мүсіреповтің кейіпкері Ұланның кескіні.
Суретші М. Шалабаев



ЖАЗАЙ БЕР, ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІ!

(Басы 5-бетте)

Үмбетбай УАЙДИН,
сатирик-жазушы, халықаралық
«Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты:



— Мен жастар мен оқушылардың арасында өміріміңің ұзақ кезеңдерін өткізген адаммын. Алдымыздан талай тамаша жастар өтті. Көптеген тәрбиелі шәкірттерім әлі де көз алдымда. Олар өздерінің мағыналы жүріс-тұрысымен, тынымсыз еңбегімен талай-талай қиындықтарды жеңіп, сүйсінтті. Сондықтан, жастарды жаппай жамандай беру орынсыз. Десек те, қимыл-әрекеті сөлекет, тұрпайы, не сөйлей білмейтін, не күле білмейтін, жартылай жақалаш қыз балалардың көбейгені де жасырын емес. Қарындарын жарқыратқан қыздар қазір тіптен көп. Ондайлар еліміздің барлық жоғары оқу орындарында да өріп жүр. Бұларға көзім түссе, жайлап ескертуге тырысамын. Естіуімше, бүгіндері жеңіл жүрісті қыздар да көбейгендей. Жанға қатты батады, бірақ өз қолыңды өзің кесе алмайсың. Ерсі нәрсеге адамның көзі үйренсе, оның өзі біртіндеп ерсі көріпуден қалады. Ал енді бұл сорақылықтың көзі қайдан? Әуелі — отбасы тәрбиесінен. Одан соң өмір сүрген ортасынан. Бұдан кейінгі үлкен сөр — бүгінгі теледидар. Әрине, телевизияны мүлдем жоққа шығаруға болмайды. Адамзат баласы ойлап тапқан керемет игіліктердің бірі. Әйткенмен, зиянды жағы — неше түрлі сұмдықтарды көрсетеді. Жастар соған еліктейді. Жаңа заманғы ата-аналар алдыңғы қатарға оқу мен білімді қойды. Ал әл Ғараби бабамыз қалай дейді: жас адамға әуелі тәрбие беру керек. Содан кейін ғана барын — білім. Демек, біздікі қате екен. Біз бөрінен бұрын болашақ әке байындауымыз керек. Болашақ ана байындауымыз керек. Сонан кейін барып болашақ маман даярлауға тиістіміз. Елдік қағидасына кереғар келетін осынау бір ашақтық бізді талай жерде ыңғайсыз жағдайға қалдырып жүр.

Халқымыздың «Қызға — қырық үйден тыно, бір үйден жию» деген қанатты сөзі бар. Мұның астарында жауапкершілік жатыр. Ұрпақ тәрбиесінің жауапкершілігі, қыз баланың тәрбиелік жауапкершілігі жатыр. Өйткені, қыз бала — жат жұрттық. Кәмелеттік жасқа толғаннан кейін көп ұзамай біреудің босағасын атпайды. Сол үйдің шашын жағады. Түтінін түтетеді. Сол елге өз ауылының намысын алып барады. Ағайынның намысын алып барады. Ата-ананың намысын алып барады. Тәрбиесін алып барады.

Біздің халқымызда Аталар мектебі деген болған. Әжелер мектебі деген болған. Аналар мектебі деген болған. Осы қазір бар ма? Жоқ. Қайын сіңілері жеңжелерімен сырласа ма? Білмеймін. Бұрын қыз анасына айтпаған, бауырына айтпаған сырын жеңжесіне айтатын-ды. Ал қазір жеңжелер мен қайынсіңілер арасында ондай ынтимақ сирек...

Сөз жоқ, кері кеткен жастарды бас салып кінәлай жөнелгенше оларды қақпайлап, қамқор болуға, ақылшы-кеңесші болуға ұмтылмағымыз ләзім. Бірде атақты батыр ағамыз, ғалым ағамыз, ұстаз ағамыз көшеде тұрып қолаң шашын жайып жіберіп, жан-жағына асқақ қарап отіп бара жатқан қазақтың әлдебір жас қызын көріп қалып, тоқтатады. Сөйтіп оған:

— Қалқам , білерсің, білмессің, танырсың, танымассың, мен Мәлік Ғабдуллин деген ағамын. Бір ауыз үлкендігімді айтсам, айып етпессің. Біздің халықта шашты жайып жіберу — өте жаман ырым, — депті.

Сонда қыз батырға жанып қарап: — Кешіріңіз, аға! Енді екінші бұлай жасамаймын, — деп шашын дереу жинап, батырдың көз алдында өтіп алыпты.

Мінеки, тәрбие. Мәлік аға дүниеден озғаннан кейін әлгі қыз осы кездесу туралы әлемі естелік жазған екен.

Халық болғаннан кейін арасында кермиығы да, кемі мен кетігі де қатар жүреді. «Қыз кезінде бәрі жақсы, жаман қатын қайдан шығады» демекші, осалдық ер кезеңде кездескен. Өмір қиял-ғажайып ертегі емес. Әйтпесе әлгі серілер де арагілік: «Жүрмес ат, өтпес пышақ, жаман қатын — қартайтар осы үшеуі ер жігітті» деп әндетсін бе. Бикеш біткен ай дидар, жаз мінезді болса Мәшһүр-Жүсіп те «Жаман әйел», «Жаксы әйел» дегендей ғибратты өлендерін жазбас еді.

Бірақ кез келген құбылыстың әлеуметтік себебі болатынын ескерсек, әрбір кемістіктің түп-төркінін долбарлау қиын емес. Адам әдейілеп жаман болайын демейді. Алла тағала әуел бастан әртүрлі қылып жаратуы бір басқа; қилы мінез-құлықтың қалыптасуына адамзат баласы

өмір сүріп келе жатқан миллиондаған жылдар ішіндегі сан алуан жағдайлардың ықпал ететіні де мәлім. Бұл ретте сол тұңғыққа тереңдемей-ақ қазақ қауымы құрылғаннан бергі дәуірлерді шолсақ та, халық бастан кешкен талай ауыртпалықты айта аламыз. Тағдыры күрделі ел екеніміз рас. Ғасырларға созылған қырғын соғыс сұмдықтарын қайталап жату артығырақ болса да, кейбір



ҚЫЗЫМЫЗ, ҚАРЫНДАСЫМЫЗ...

Мұхтар МАҒАУИН,
жазушысы:

— Бір ғана өзгермейтін бір қағида бар, ол — әйел адамның Ана болу мүмкіндігі. Ешқашан ешбір данышпан еркек бала тауып көрген емес. Ал ең нашар әйел бала

таба алады! Халықтың болашағы, халықтың өсуі, елдің келешегі әйелдің аналық көзқарасына байланысты. Арғы уақытта қазақтың қыздары көпбалалы болды. Ана болу деген өте арақтық міндет еді. Алайда тағы да заманның ыңғайымен, келешекте «бір бала, екі баладан артық туудың керегі қанша немесе тіпті баланың қажеті не» дейтіндер шығуы мүмкін. Егер қазақ әйелі осындай бағыт ұстанатын болса, онда біздің халқымыз сөзсіз құрдымға кетеді! Қазір бүкіл Еуропа халқы кеміп жатыр. Анау дамыған деген халықтар, мәселен, ағылшындық, немісшіз, италиянықыз... қай-қайсы болсын, тұрғындарының саны жағынан жылма-жыл азайып барады. Ресейде де ондағы әйелдер өзінің негізгі міндетін ұмытуы салдарынан жыл сайын орыс халқы 1 миллионға кемі түсетіні айтылып та, жазылып та жүр. Алдағы уақытта бұл көрсеткіш одан да әрі қарай құлдырай беруі ғажап емес. Ал қазақ халқы, қалай дегенмен, ескі дәстүрін бірішама сақтағандықтан, өз дәрежесінде өсіп-өніп жатырмыз. Бірақ қазақтың қызы аналық парызын естен шығарса, өзінің шаңырақтың, отбасының ұйымтасы екенін ұмытса немесе жаңағыдай бір баламен шектелсе, бұл — қауіп біздің халқымыздың тағдырында орны толмайтын апатқа алып келеді. Сондықтан, қыздарымыз, мейлі, қоғамдық қызметін атқарсын, сонымен қатар өзінің аналық міндетін ешқашан ұмытпасын дегім келеді. Еліме тек қана игілік, жақсылық тілейтінім түсінікті; ұлттық дәстүрден қол үзбей, ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-салтты берік сақтауымыз керек. Сонымен қатар қайталап айтсам, қазақ қызы қаншалықты оқыса да, қандай жоғары лауазымды қызметте жүрсе де, ең алдымен өзінің Ана болатынын, яки Ана екендігін, халықтың болашағы өзіне қарап тұрғандығын, сол өзінің бір негізгі Аналық парызын, халқының алдындағы ең бір қастерлі міндетін естен шығармауға тиісті. Олардың болашақтағы өмірі әрқайсы сәбісіз, баласыз нұрлы болмайтынын ерте түсінгені жөн. Біздің қыздарымыз қалайда көпбалалы болуға тиісті. Қазақтың қызы барлық кезеңдерде де өз халқының ұлылығына ұйымтасы болып келді, олар алағы уақытта да өзінің осынау жоғары биігінен көріне береді деген сенімнен айнымаймын.

әлем секілденеді.

Өйткені, әлгіндей дүрбелеңдер тұсында туып, әдебиеттің алтын ғасырын жасаған дарындармен бірге тыныстап, небір қиын да қызықты кезеңдерге куә болып, жолдастарының жемісті еңбек етуіне көп қолғабыс тигізген олардың арасынан талай асыл жарлар шыққанын білеміз...

Қарап отырсақ, анау Алаш арыстары мен алыптар тобынан бастап бертіңгі жас буын жазушылардың шығармаларына дейін көбіне ел игілі бағытындағы қастерлі мақсаттарға арналады. Отансүйіштік пен халық тағдыры тақырыбына негізделеді. «Қазақтың алдымен айтатыны жер дауы мен жесір дауы» демекші, бұлардың кез келген буын

каламгерінің де қабырғасын қайыстыратын манифесі, негізінен, баяғыша қарапайым ағайынның мұңына мұңдап, «мын өліп, мың тірілген» ел дербестігінің жырын жырлау екен. Замандастарын ізгілікке үндеп, сұлулыққа шақыру; көпшілікке өз туындысы арқылы жана заманның қайшылықты құбылыстарына ой көзімен қарауға, сөйтіп, оларға қоршаған дүниемен үйлесім табуға жәрдемдесу екен. Бақытқа бастау екен. Ал оның осындай биік мұраттарды қаузауда басты арқа сүйері — өздерінің жарлары көрінеді...

Кейінде ұлт зиялыларының жесірлерімен көбірек

тілдесетінімді байқаған бір құрдасымның: — Нәліктен осы, көбінесе, өлілер туралы жазасың? Тірі кейіпкер аз ба?! — деп сұрағаны бар. Ойланып қалдым. Көп адам қасында жүрген жолдасының шын қадірін кешірек біліп жатады. «Алтынның қолда барда қадірі жоқ». Уақыт өте қателігі болса кешіреді. Өз емшіліктерін де көңіл тезінен өткізеді.



қауымының жақсылығын айтқымыз келгенде, көбіне, атакты орыс

декабристердің жұбайларын немесе ерін әсепеттеуде мәнері ерекше жапон бикештерін мысалға алатынымыз бар. Ал шешуші сәтте күйеулерінің жолында құрбан болуға даяр тұрған Гүлбаһрам Сейфуллина, Ғайнижамал Дулатова, Гүлжамал Майлина секілді көптеген өз аналарымыз солардан кем бе екен. Осы буын әйелдердің бірталайы жазықсыздан-жазықсыз «Алжир» абақтысында азап шеккені де мәлім. Сол секілді Сәбит Мұқанов, Ғабиден Мұстафин, Ғабит Мүсірепов бастаған алыптар тобының қосақтары да қазақ қоғамының белгілі кезеңдеріндегі отаналық мектептің үлгісіндей көрінеді. Өнегеліліктің, көргендіктің белгісіндей сезіледі. Небір алмағайып, қайшылықты заманаларды өткерген жолдастарымен бірге елдің тұтас дәуірін көтеріскен бұлардың телегей-теніз өмір сырынан маңайындағылардың түйгендері көп шығар. Осылардың ізін басқандар да аштық зұлматы мен сұрапыл соғысты көрген ерекше қайсар буын еді. Атакты «алпысыншыжылдықтардың» сынарлары да өзіндік бір тылсым

*ЛЕБІЗ

Әшірбек СЫҒАЙ,
театр сыншысы, мемлекеттік
сыйлық лауреаты:



— Қазақ қыз туса «өрісім кеңейді» деп қуанады. Ал өріс бар жерде кеңістік бар, кеңдік бар, өмір үшін күрес бар. Сондықтан, қыздардың қоғамдағы орнын, оның атқаратын бір сөзбен айтып жеткізу қиын. Қандай бір жағдайда болсын, әйел баланың

араласуынсыз өткен тіршіліктің бәрі бос, мәнсіз, мағынасыз болып көрініп тұрады. Әйткенмен де, қазір қоғамда қызметке тұрған әйелдердің ер-азаматтардың алдында қадірі түсіңкіреп кетпей ме немесе олар ер адаммен ыңқ тірестіріп шыға келмей ме дегендей бір кереғар пікірлер де жоқ емес. Оны жасырмайық. Қоғам екі жақты дамиды. Оның ері де, зайыбы да уақытын үйлестіріп, шаңырақты ұстаудағы, бала тәрбиелеудегі қастерлі міндеттеріне нұқсан келтірмей әртүрлі деңгейдегі қызметін лайықты атқарып жатса, оған біз неге тарыламыз? Өз басым әйел адамның ісі тек бала-шағаны бағып үйде отыру дегенге оңаша түсінбеймін. Қазір қаншама дарынды қыздарымыз Парламентте, өзге де ресми мемлекеттік қызметтерде отыр. Қаншама қыздар — өнер қайраткерлері, халық әншілері, артистер. Ал бұларды торға тыпқан тоты құстай үйде қамап ұстағанымыз дұрыс па? Бұлардың бойындағы асыл қасиеттер халық игілігіне бағытталуы керек емес пе. Мысалы, әйелі өнерпаздарымыз — Күләш Байсейітова, Шабал Бейсекеева, Хадиса Бөкеева, Бибігүл Төлегеновалар, атақты ғалымдарымыз — Шәрбану Батталова, Рәбига Сыздық, Әлия Бейсеновалар ошақ қасында отырып қалса не болар еді? Бұлардың әрқайсы бір-бір атпал азаматтың жүзін арқалап жүрген жоқ па. Олардың ғылымдағы ашқан жаңалықтарын, сахнада жасаған керемет сиқырларын ер адам жасай алар ма еді? Жасай алмаса ше? Сондықтан, ер адамның орнын жоқтатпай, қайта, олардың қатарын толтырып жүрген әйелдерді етегінен тартып, сен тек үй ішін қорып отыруға тиіссің деп қамап ұстауымыз қисынға келмейді.

Әрине, сөз жоқ, шаңырақтың шаттығы, отбасының қызығы әйелмен ғана көрікті. Әйткенмен, әйел үйдегі тірлігін де, түздегі шаруасын да елге пайдалы жағдайда шешіп жүретін болса оған тарлық көрсетудің ешбір реті жоқ қой деп ойлаймын. Мысалды алыстан іздемей-ақ, сонау Әлия мен Мәшһүрті алыңызы. Солар кез келген жгіітпен артық ерлік жасаған жоқ па! Екеуі де жиырмадан асар-аспас шағында жайнап шыққан Шолпан жұлдыздай бүкіл әлемді жалт қартатып, Кеңес Одағының Батырлары атанды.

Жалты, қазақ қызы жаратылысын қалыпты өлшемдерге сыя бермейтін ғажайып құбылыс деп санаймын мен...

қиындықтарды сана сүзгісінен өткізіп, лайықты ұлт ретінде қалайда алға ұмтылсақ, жоғары межеден көрінсек деп қиялдайсын. Бұл бағытта тағы да Қазақ әйелінің иығына артылатын жауапкершілік салмағы зіл батпап-ау.

Құтпөлеу МҰҚАП

Дау-дамай

СИНХРОНДЫ ЖҮЗУ – КЕРБЕЗ ДЕ НӘЗІК СПОРТ ТҮРІ. ЕЛІМІЗДЕ КЕҢ ТАРАЛА ҚОЙМАҒАН. ОРТАЛЫҒЫ АЛМАТЫ МЕН ТЕМІРТАУ ҚАЛАСЫ САНАЛАДЫ.

ЕШКІМДЕ ШАРУАСЫ ЖОҚ, ЕШКІМНІҢ ОНЫМЕН ШАРУАСЫ ЖОҚ. СОЛ ТЫНЫШ, АСА ЕСКЕРІЛЕ БЕРМЕЙТІН СУ СПОРТЫНЫҢ ОСЫ ТҮРІНЕН ШУ ШЫҚТЫ.



Халықаралық додаларда жүздеп орын алған Арна Токтаған, Әлия Кәрімова, Айну́р Керей сынды спортшы қыздарымыз құраманың бас бапкері Жанна Демченконың теріс әрекетін бетке шығарды. Азия құрлығында талай жүзде терген спортшылардың бүгінде бірі — спортпен қош айтысса, енді бірі — шәкірт тәрбиелеп жүр. Газетіміздің арнаулы тілшісі құраманың бұрынғы спортшысы Айну́р Керей және қазіргі кездегі тәжірибесі толысқан Әйгерім Исаевамен тілдесіп қайтқан болатын.

деп ойлайтынмын. Жол шығыны, тұратын жер, тамақ жағы, бәрі-бәрі өз қалтамыздан шығатын. Каржы жағын Жанна Геннадийқызы өз бақылауында ұстайтын. Тамақ жағын

әлдеқашан қол үзген» деген сарында жазды. Бұл туралы не айтасын?

Әйгерім Исаева: Дмитрийді үлкен азамат ретінде, танымал тұлға деп білеміз. Олимпиада чемпионы болу кез келгеннің қолынан келмейтін іс. Алайда Баландин мен синхронды жүзу спортының арасында

қандай байланыс барын білмей дал болдық. Бұрынғы әріптесіміз Кристина Тыныбаевамен бірге тұратынын естідік. Бірақ ол себеп емес

кой?! Біздің спортшылық кәсібімізді жокқа шығаратындай оның бұл спортқа сіңірген қандай еңбегі бар? Біз ол азаматқа қатты наразымыз. Азамат атына лайық болу керек емес пе?!

Жас казак: Баландинді сотқа бермек болдыңыздар...

Әйгерім Исаева: Басында солай ойладық. Кейіннен сабырға келдік. Ол ешкімге жақсылық әкелмейді. «Таспен атқанды аспен ат» демеуші ме, — еді аталарымыз.

Айну́р Керей: Басқа спортта да жиі кездесетін үрдіс шығар. Синхронды жүзде әлемдік тәжірибе бойынша, спортпен қош айтысқан спортшы ұлттық құрамаға жаттықтырушы болады. Бас бапкердің көмекшісіне



Қыздардың айтуына сенсек, аталған спорттың көлеңкелі тұсы жетерлік болып шықты.

айтудың өзі ұят. Синхронды жүзу спортында жақсы нәтижеге жетем десең, күніне 8-10 сағат дайындалуың керек. Физикалық тұрғыда мықты болмасаң, жеген тамағың жоғары калориялы болмаса, бәрі бекер. Сізге түскі асқа 1000 теңге берсе, қандай тамақ ішер едіңіз? Бірден талап ете бастасаң «кетіндер, көп сұрақ қоюдың керегі жоқ» деген сөздер болып шығады. Бұл қалыпты жағдайға айналып кеткен. Спорттық киім-кешек дегеннен шығады. Бірде Демченконың үйіне барғанда спорттық киім толы шкафты көріп қалдым. Жалақы, басқа да қажеттіліктер жайлы сұрасаң, ештеңе білмейтінін айтады. Үнемі солай.

Жас казак: Әйгерім, жакында

Олимпиада чемпионы Дмитрий Баландин Инстаграмдағы паракшасына «Опровержение», немесе «жокка шығару» деген жазба жариялады. Жазбаны «бұл қыздар спорттан

айналады. Тәжірибелі Арна Токтаған осы жұмысқа өзі сұранған болатын. Оны жолатпады. Мен де кейіннен ұлттық құрамаға көмектесермін деп ойлайтынмын. Мені ұлттық құрамалан «кетірді». Ешқандай жалақысыз жұмыс жасайын деп те өтініп көрдім. Жолатқысы келмеді. Есесіне, сырттан синхронды жүзудің иісі мұрнына бармайтын әлдекімдерді алып келді. Әйгерімнің айтқанын мен де қайталаймын. Құжатта басқа, былайғы өмірде басқа тамақтандық. Жакында ғана бізге жыл сайын спорттық киім-кешек, сыйақы берілуі тиіс екенін білдім. Бірақ мұның біреуін де көрмедік. Бірде әскери казармада жатқан кезіміз де болған. Қарнымыз ашып, әскерилерден тамақ сұрап, солардың қалбырдағы бұқтырылған еттерін де жедік. Осыншама қиындық көре тұра, еліміздің атына кір келтірмедік. Ең сорақысы — Қатар астанасы Дохада өткен Азия ойындарында мен қосалқы құрамда болдым. Бірақ өнер көрсетуге дайын жүрдім. Біздің құрама қолаға қол жеткізді.

Мен де ресми марапатталуым керек болған. Мұның орнына маған бос қорапты ұстатты.

Медаль қайда деп сұрасам, Демченко естелік ретінде алып қалыпты. Мен құрамаға ерте келдім. Бір кездері сегіз ай бойы Демченко менің жалақымды өзі алып жүрген. Ал мен құжатқа қол қойып жүрдім. Міне, спортшы қыздардың сөзіне сенсек, синхронды жүздегі синхронсыз өмірдің сиқы осындай. Синхронсыз өмір дейтініміз, құрамадағы спортшылардың спорттағы тағдыры әр қилы, бірдей емес.

Мәселенің анық-қанығын білмекке, Жанна Демченкоға бірнеше рет қонырау шалдық. Бір нөмірі сөндірулі, ал екіншісіне жауап бермеді. Алдағы уақытта қыздардың айтқанына қарсы уәжі болса, жариялауға әзірміз. Оған дейін біздің еншімізге қалатыны тек топшылау мен болжам болмақ. Не болса да нәзік спорттың тамырына балта шабылмаса деп тілейміз. Қолдан келері сол ғана.

Дайындалған Мадияр АРЫСТАНБАЕВ



www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

САҢЛАҚ



(Басы 1-бетте)

1992 жыл 28 шілде. Барселона Олимпиадасы. Қоғалдағы хоккей додасы өтіп жатқан «Террасе» стадионы қала орталығынан едәуір қашықта. Кешегі жалы күдірейген КСРО-ның уақытша мұрагері ТМД құрамасының белді ойыншысы Берікказы бауырға көтермеші болу үшін жер түбіндегі «Террасеге» де жеттік. Жігіттер су себілген аланда тер үгіп жүр екен.

Бүгінгі қарсылас — Малайзия командасы. Қоғалдағы хоккей малайлар үшін ұлттық спорттан кем емес.

...Екі жақ ашық айкасқа кірісті. Сергей Плешаков сол қапталдан малай қақпасына ұмтыла бере допты Берікказыға дәл тасталды. Қарсы алдындағы үш ойыншының тасасынан шірене тартқан Сексенбаевтың қулығын қақпашы андай алмай қалды. Есеп — 2:2. Тарих үшін тіркеп

ҚОЛМЕРГЕН немесе МАЛАЙЗИЯ МАНДАЙЫНА БАСҚАН ҚАЗАҚ

қойыныздар: бұл казак хоккейшілерінің Олимпиада ойындарындағы тұңғыш голы!

Берікказыны ойын басталғаннан екі қорғаушы «бағып» жүр. Соңынан қалатын емес. Біздің жігіттің қимылына көз тояды. Айталы. Аяқ тастасы нық. Ұрымтал сәтте қақпаға жолбарысша атылады. Ондай кезде қос «көленке» қауқарсыз. Беріктің жолын үшінші қорғаушы кес-кестейді.

...ТМД-ның кезекті шабуылы малайларды сең сокқандай қылды. Амалы таусылған қорғаушылар допты қақпадан ала қашамын деп, сыртқа жіберіп алды. Келте бұрыштамадан шырқырай ұшқан допты қақпашы Лопэс зорға қайтарған. Кері серпілген допты Берікказы іліп алып, қақпашының басынан асыра тастады. Гол! 4:3.



шабуылға шықты. Қарсы келген сырықтай қорғаушыны орағыта зулаған Берікказы жұдырықтай допты екінші қорғаушының екі аяғының арасынан зу еткізді. Үшінші ойыншы допка жетіп-ақ қалғандай еді, Сексенбаев оны да жер соқтырып кетті. Сәл кідірсе, бармақ шайнайтынын сезген Лопэс оқтай атылған. Жолбарыстай жырынды казак құлаштай ұратын ыңғай таныта бере,



қоғалдағы хоккей десе, ішер асын жерге қоятын жанкүйер екен. 90-жылдардың басында Малайзиядағы турнирде Сексенбаев совет командасы сапында малай қақпасына 2, Корея құрамасына 1, әлем чемпиондары Пәкістан командасына 3 доп соғалды. Осы бәсеке үстінде король Берікказыны Малайзия чемпионатында ойнауға шақырады.

Азия қоғалдағы хоккей федерациясының тізгінін ұстаған Сұлтан Азлан Шах Берікказының алаңдағы қимылына қатты риза болғаны соншалық, 1995 жылы біздің жігітке малай азаматтығын ұсынып, өз елінің ұлттық құрамасында ойнауға шақырды. Бір елдің патшасынан мұндай бас айналдырар сый-құрметті күтпеген Сексенбаев қабырғасымен кенесе келе, кіндік қаны тамған ата жұртына қайтуға бел буады. Оның орнында нәпсісі күштілеу, тартпасы бастау біреу болса, патшаның мысы басып, ендігі

сол елдің бай-манабы боп жүрер ме еді, кім білсін.

Отанына оралған Берікказы Төлеубекұлы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігі төрағасының бірінші орынбасары қызметіне дейін көтерілді. Кейін бизнеске біржола бет бұрды. Қазір шаруасы мығым, белді кәсіпкер. Бір жағынан Азия қоғалдағы хоккей федерациясының вице-президенті. Ендігі арманы, өзі тәрізді қаракөз бауырлары хоккей алаңын дүркіретіп, жасындай жарқырап жүрсе дейді.

Бір кездері Кенес одағы құрамасы сапында әлем, Еуропа чемпионаттарында атой салған Берікказы кейін шаруасы дөңгелеңе келе Семей жерінде мешіт тұрғызып, үлкен сауапқа кенелді.

Қыдырбек РЫСБЕК



БАЛА
БЫЙЫН

Ескі айдарды жаңарту. Газетіміз бұған дейін де елімізде танымал азаматтардың балалық шағының қызықты сәтін ұсынған болатын. 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай театр актрисаларын құттықтап, балалық шағына саяхат жасадық.

Гүлнәр ЖАҚЫПОВА,
Қазақстанның халық әртісі:

Балалық шақ десе, менің есіме бір көрініс түседі. Кішкентай кезімізде балабақшадамыз ғой. Мерекелік шараға орай концерт ұйымдастырылатын. Әр бала ортаға шығып, өзінің өнерін көрсетеді. Сонда мен де өнер көрсетіп ән айтып, би билеймін. Сонда мен бірінші сахнаға шығып алып, көрермендерге қараймын. Қалың көрермендер арасынан әкемді іздеймін. Егер әкем келмей, анам отырса, мен ештеңе айтпай тұрып алады екенмін. Сондықтан әкем менің балалық шағымдағы концертке үнемі қатысатын. Әкем отырса,

Гүлнәр
ЖАҚЫПОВА

Айзада САТЫБАЛДИЕВА,
М.Әуезов атындағы академиялық
драма театрының актрисасы:

Менің ата-анам ерте 15 жасында отбасын құрған кісілер. Анам 16 жасында тұңғышын өмірге әкелді. Мен ең кенжесімін. Көпбалалы отбасында тәрбиелендім. Әкем жылқышы еді. Ата-анам сол кезде қолхоздың жылқысын бағып, отбасымыздың өз қымызханасы болатын. Қатар-қатар тізілген бие. Оларға қойылған аппараттар мен үшін қызық болды. Сол кездегі қымыздың иісі, оны аппаратқа салып, сапыру әдісі барлығын анамның қасында бақылап жүремін. Арасында көмектесемін. Бірде аға-женгемнің кішкентайы ауырып, аудандық ауруханада жатты. Көршінің балаларымен ойнап жүрген кезім. Бір уақытта қарасам, апам

8 Март

**Әйелдердің күні дейді бұл күнді,
Бақтар жайнап, сайратады бұлбұлды.
Еркек түгел еркектерге берем деп,
Қолдарына ұстап апты бір гүлді.**

**Осынау күн – беделі бір өскен күн,
Жұрттың бәрін мен өзіме дос көрдім.
Қай қияға жамаса да баратын,
Әйелдерге аптын бұзбас әскермін.**

**Ұмытылмай сонау жастық кездегі
Айтылады махаббаттың сөздері.
Гүлді ерекше ұнатады әйелдер,
Гүлдерге ұқсап тұрғаннан соң өздері.**

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ

басым топырақ, шан, сатпақ-сатпақ. Сол күйі апаммен бірге барып келгенім бар.

Бала күнімдегі тағы бір ерекше сәт есімде қалыпты. Өзімнен үлкен ағам бар. Сол ағамның қасынан бір елі қалмаймын. Ал ол болса, рогақасымен шымшық аталы. Маған тас тер деп тапсырма береді. Екі қалтамды ұсақ тастарға толтырып аламын да,

Шымшық аулаған
кезіміз болды

сәбидін халін білуге кетіп бара жатыр. Ол кезде сағат онда, төртте ауданға автобус жүреді. Апам жүгіріп келіп. — **Апа, қайда барасыз?** — деп едім. — Қала бер, ойнай бер! — деп сөмкесін асынып автобуска қарай беттеді.

— **Апа, қайда барасың?** — Апа, деп айғайға бастым. Автобуста адам толы. Апаммен бірге барғым келіп тұр. Жылаған күйі жердегі топыраққа аунай кеттім. Тебініп, топыраққа аунап, сора-сора болып жылап жатырмын. Сол кезде автобуста отырған кісілер келін-ау, кішкентай қызды жылатпай ертіп алсаншы! деп жатыр.

— **«Қал дегенде қалмайды осылар»** — деп апам үстімді қакты да жанына ертіп алды. Автобуска кіріп алсам да, еңкілдеп жылап отырмын. Үсті-

қасынан қалмаймын. Құс қара дейді. «Әне құс, міне, құс», — деп айтып отырамын. Ағамның Сапарғали деген досы бар. Басқа да көршілердің балаларымен шымшық андимыз. Ағам біраз шымшықты құлатып алады. Сонда ұлдардың арасында жалғыз қыз бала мен ғана жүремін. Алғашында ағам қарсылық танытып «қыз деген үйде отыруы керек» деп ерткісі келмейтін. Атып алған шымшықтарды қырдың басына апарамыз. Тастарды қалкалап қойып от дайындаймыз. Үш-төртеуіміз отырып алып, шымшықтың жүнін тазалаймыз. Ол да сол сәтте бір қызық процесс болатын. Тазартып алған шымшықты аламызда отқа қақтаймыз. Дайын болған соң «сен бірінші же, сен же» деп соның қызығына бататынбыз.

Айзада
САТЫБАЛДИЕВАДайындаған
Макпал НОҒАЙБАЕВААНТАНЫҢ
САВААЫ

— 8 наурызға орай министрлік тарапынан ұстазға гүл сыйлауға тыйым салыныпты деседі. Бұл ақпарат қаншалықты шындыққа жанасады?

ЖАУАБЫ

Эльмира СУХАНБЕРДИЕВА,
білім және ғылым вице-министрі:



«Бұл сұрақ қазір көп ата-ананы алаңдатып отыр екен. Өйткені, министрлікке қоңырау шалып, сұрақ қойған ата-ана көп болды. Бірақ, 8 наурыз мерекесіне орай, біздің құрметті ұстаздарға «гүл сыйламасын» деген қаулы болған жоқ. Болмайды да. Болған да емес. Білім және ғылым министрлігі бүкіл жергілікті органдарға, аудандық, облыстық білім басқармаларына мұндай қаулы жолдаған жоқ. Бұны ресми түрде мәлімдегіміз келеді»

КӨНІЛДІ



Әзіл

Күйеуі әукенге 8 наурызға сыйлық алмақшы болып кіреді. Сонда сатушы:
— **Сізге әйеліңізге керек не, әлде оған қымбатын көрсетейін бе?** — деп сұранты.

Гүл сататын әукенге:
— **Маған 101 мал раушан гүлін беріңізші.**
— **Жігітім-ау, сонша не бұлақпін есіңіз?**

— **Қымбаттым! Саған 8 наурызға не сыйлайын?**
— **Тіпті... білмеймін...**
— **Еңкейсе, тағы бір жыл ойлануыңа уақыт беремін.**

Үй тапсырмасын қызымен орындап отырған анасы түнгі екіде ашуланым ұстазына хабарласады:
— **Бұл кім? Түнгі 2-ге телефон шалғаныңыз не?**
— **Мен сіздің оқушыңыз Айманның анасымын. Сіз ұйықтап жатсыз ба?**
— **Әрине.**
Сонда оқушының анасы:
— **Ал біз үй жұмысын енді жазып болдық. Енді «Қом келдің, Көктем!» тақырыбына мүсін жасайын деп отырмыз. Тағы қандай тапсырмаңыз бар?, — деп сұраған екен.**

МІНЕ,
КӨСІН!

Егер де жігітіңіз гүл сыйламаса, қам жеменіз. Гүл шоғын жалға алуға болады. 101 раушан гүлімен суретке түсіп, болмағанды болғанды етіп көрсетуге болады.

Селфи үшін жаннида

8 наурыз қарсаңында инстаграм желісінде ерекше қызмет түрі пайда болды. Жұмыртқадан жүн қырыққан пысақайлар құрбысын керемет мерекелік суретімен таңғалдырғысы келгендерге мүмкіндік жасады. Ол үшін бар

болғаны 4 мың теңге төлесіз жетеді. Мұндай ерекше қызмет түрі Мәскеуде ұсынылуда. Егер керемет сурет түсіру үшін 10 минут аздық етсе, қосымша 2 мың теңге төлеп уақытты ұзарта аласыз.



Директор — Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алкасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ
Бас редактордың бірінші орынбасары

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Елдос ТОҚТАРБАЙ — Астана қаласындағы меншікті тілші

Жарас КЕМЕЛЖАН — қоғам және әлеумет

Мадияр АРЫСТАНБАЕВ — арнаулы тілші

Макпал НОҒАЙБАЕВА — өнер және руханият

Руслан ДОСТАЕВ — web-редактор

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміші

Мехмет СЕМЕРЖИ — фототілші

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Шынарғұл ОНАШБАЙ — Алматы облысы (8 701 503 02 76)

Сабырбек ОЛЖАБАЙ — Оңтүстік Қазақстан облысы (8 701 385 72 75)

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ — Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй (Абай даңғылының қиылысы)
Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67
(жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет «Дәуір» ЖШС РПНҚ
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2109;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 52 000 дана

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, соңдай-ақ «Air-Astana», «Turkish Airlines», «Qazaq Air» әуежолдарының ұшақтарында бар.